



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

22 сәуір
сейсенбі
№29 (2142)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



Қала аумағындағы Шіркейлі, Жаңадария және Сыздық су арналарындағы көпірлер қалпына келтіріліп жатыр. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев нысан басына барып, ондағы жұмыстың жай-жапсарына қанықты.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Қызылордадағы мандайалды саябақтардағы жөндеу жұмысы қызу жүруде. Қалалық мәдениет және демалыс саябағы биылғы маусымда халыққа қызмет көрсететін болса, Тұңғыш Президент саябағы жыл аяғына дейін іске қосылады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мұндағы жұмыстармен танысты.



ҚҰРЫЛЫС талапқа сай болуы керек

Тұңғыш Президент саябағында халықтың сұранасына сай автокөлік тұрағы салынады, гүлзармен көмкерілген көркем келбеті қалыптасалы. Парк ішінде 3 аллея, 3 бөліктен тұратын субұрқак, амфитеатр, бетон-скейтпарк, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 4 фудкорт, шағын сәулеттік пішіндер және аттракцион болады.

Ал қалалық мәдениет және демалыс саябағын қайта жаңғырту бағытында мұнда 20-дан астам заманауи аттракцион орнатылып, серуен жолына қырлы кеспе плита төселуде. «Bi Global» серіктестігі демонтаж жұмыстарын бітіріп,

субұрқактар мен жарық шамдарын монтаждауға кіріскен. Мамыр айында толық аяқтап, пайдалануға беру межеленген.

Сонымен қатар аймақ басшысы Қызылорда қаласындағы жаңа жылу-электр орталығы құрылысымен танысты. Инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы жобаға бағыттаған 215 млрд теңге инвестициясының 137 млрд теңгеден астамын салды. Негізгі қондырғыларды дайындауға шетелдік компанияларға тапсырыс беріп, қазір газтурбиналық қондырғылар мен жылу қазандығы орнатылуда. Бюджет есебінен 15 млрд теңгеге жаңа

орталыққа дейін газ құбыры жүргізілді. Жылу-электр орталығын биыл төртінші тоқсанда іске қосу жоспарлануда.

Сырдария өзенінің сол жағалауындағы тарихи-мәдени мұра орталығының құрылысы да аймақ басшысының назарынан тыс қалмады. Құрылыс алаңындағы жұмысқа 90 адам және 10 техника жұмылдырылған. Қазір мұнда ішкі орлеу, сумен жабдықтау, көріз, газ және электр желілерін тарту қарқынды жүргізілуде. Нысан мамыр айында ел игілігіне табысталады.

«Ақмешіт-ақпарат»

МӘСЕЛЕ

Орысы да кәрісі де қазақша сөйлейтін Қызылорда өңірін жұртшылық қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңір деп таниды. Қызылорда ел астанасы болғанына және қазақ атауының қайтарылғанына, міне, ғасыр толып отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін көшелерге тарихи маңызы бар атау беру де қолға алына бастады. Қызылорда қаласының аумағына қарайтын 14 шағын аудан бар, солардың арасында әлі күнге дейін кеңестік кезеңдегі атауымен қалған көшелер де кездеседі. Кезінде қала аумағы батысынан Целлюлоза картон зауыты салынған. Зауытты салуға Советтік Социалистік республикалар Одағының түкпір-түкпірінен әр түрлі ұлт өкілдері келген екен. Сол аралықта Герман Титов есімімен аталатын шағын аудан пайда болған. Кейін ол атау құжатқа еніп, ресми түрде Титов шағын ауданы деп аталып кеткен.



Көшелерге атау беру немесе қайта атау кезінде республикалық ономастика мақұлдаған сонымен бірге Президент әкімшілігімен келісілген тарихи тұлғалар тізімін басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Көше немесе ауданның атын ауыстыруда ономастика жұмысшы тобы күн тәртібіне енгізеді. Қызылорда қаласы әкімдігінің жанынан құрылған қалалық ономастика жұмысшы тобы осы қызметті үйлестіреді. Бүгінде қала аумағында комиссия шешімімен нақтыланған 1279 көше бар. Оның ішінде, 830 көше қалада болса, ауылдық округтерде 449 көше бар.

– Биыл ҰОС-ның 80 жылдығына орай, ҰОС ардагерлерінің есімін ұлықтау мақсатында Облыстық ономастика комиссиясына 53 адам, тарихи тұлға тізіміне 33 адам жолданды. Сондай-ақ «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген Сұлтанбек Қожановтың есімін лайықты көшеге ауыстыру мақсатында қалалық ономастика жұмысшы

тобының отырысында қарау жоспарлануда, – деді қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыппар Тажмаханов.

Айта кетсек 2025 жылы 3 көше идеологиялық тұрғыдан ескіріп, Белкөл кентіндегі Зелена-Жасыбай, Путьцев-Сауран, Путьцев-Теректі көшесі қалалық ономастика жұмысшы топта қаралып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы шықты.

– Тәуелсіздік алған жылдары көптеген көшеге тарихи атаулар беруге мән берілді. Ол кезде де кемшіліксіз болған емес. Халыққа еңбегі сіңбеген адамдарға көше атауы берілген уақыт болды. Соңғы кездері мұндай үрдіске Президент тоқтау салып жатыр. Қызылорда аумағы ол кезде үлкен емес еді. Ал сол Титов аумағында тұрған жерде бұрын қоныс болса, сол атаумен де атауға болады, – дейді Сағат Тайман.

Кеңестік кезеңде берілген атауы өзгерген қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округі

бар. 1934 жылы іргесі қаланып екі жыл өткен соң Ленин атындағы және Тентекөзен артельдері бірігіп, «Комсомол» ұжымшарын құрған. Тәуелсіздік алған соң 1992 жылы Қызылжарма атауы берілді. Мұндай мысалдарды Байқоңыр қаласынан да көруге болады. Жақында Байқоңыр қаласының мэрі Константин Бусыгин қала көшелеріне Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметованың есімін беруге қол қойды.

Қызылорда ел астанасы болып, қазақ атауы қайтарылғанына ғасыр толды. Мұндай елеулі шақта, келелі істерге бастама болу әрбір азаматтың парызы іспеттес. Қаладағы кеңестік кезеңнен қалған атауларды өзгерту күн тәртібіндегі мәселе. Өйткені бұл тек атау ғана емес, ұрпаққа берілетін үнсіз тәрбие.

Думан КЕҢШІЛІК

САПАЛЫ ЖҰМЫС – ХАЛЫҚҚА ҚҰРМЕТ



Шіркейлі арнасындағы көпірді жөндеуді қолға алған бас мердігер «Жылу 21» ЖШС 24 аралық балка және 250 аралық плита орнатты, 4 аралықтың беті бетондалды. Арнасы тазартылып, бетон конструкциялары сырлануда. Жиектегі тіреулерге плита орнату және кірме жолды жөндеу қолға алынған. Құрылыс материалдары толық жеткізіліп, жұмысқа 20 адам мен 5 техника жұмылдырылған.

Сыздық арнасындағы жұмысты да аталған серіктестік жүргізуде. Арна табаны мен жиектері тегістеліп, бетондалды.

Құрылыс материалдары жеткілікті, көпір басында 12 адам, 3 техника жұмыс істеуде. Ал Жаңадария арнасындағы көпірге «Best Stroi Gpur инжиниринг» ЖШС құрылыс материалдарын жеткізіп, бетондап, сырлауда. Кірме жолға топырақ төселген. Қалпына келтіру жұмыстарын 26 адам, 4 техника атқаруда.

Нысан басында жұмысшылармен жүз-дескен аймақ басшысы ең бастысы сапаға мән беріп, жөндеу жұмыстарын мерзімінде аяқтауды тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЕҢБЕК АДАМЫ

«Гүл – тек қана әдемілік сыйлайтын өсімдік емес, ол адам жанын түсініп, сырласына да айнала алады» дейді «Жасыл Қызылорда» мекемесінің бригадир-агрономы Гауһар Ержанова.

Қызылорданың кіреберісінен бастап, ішкі беттегі әрбір саябақ, адам көп шоғырланған жерлер мен даңғыл жолдың бойына қызылдық-жасылдық гүлдер егіліп жатыр. Көргенде көздің жауын алатын осы әдемілікті жасап жүрген де – осы елдің перзенттері. Бүгінде қаланың басым бөлігіне гүл егілді. Оны көктемде еккеннен бастап, күзге дейінгі күтімі осы кісілердің мойнында.



ӘСЕМ ГҮЛМЕН КӨМКЕРГЕН ТУҒАН ЖЕРДІ



Сұлу Сырдың бойындағы шаһардың шырайын келтіріп жүрген Сыр сұлуларын бастаған Гауһар Балтабайқызы ұжымның көгалдандыру бағытындағы еңбегін «қызыл жиган жүгідей» болып тұрғанын еңбекқорлықпен байланыстырады. Ол он бір жыл бұрын осы саладағы жұмысын бастаған. Әуелі «Зеленстрой» мекемесінде еңбек еткен ол қазірде «Жасыл Қызылорда» серіктестігінде тер төгіп жүр.

– Қызылорда – ортақ үйіміз. Осы қаланың көркіне көрік қосылып, әдемілігі арта түссе, менің қуанышым да еселенеді.

Еңбегіміз нәтижелі болса, одан артық не керек?! Табиғатынан адам жанына жылулық сыйлайтын туған шаһарымыз мұнан да әдемілене түскенін қалаймын. Қазір біз теміржол вокзалы, Тағзым алаңы, Асқар Тоқмағамбетов, Аменгелді Иманов көшелеріндегі аумақтарға гүл ектік. Үлкен көшелердің бойына әлде-қашан егіп тастағанбыз. Енді мұнан кейін сол гүлдердің қажетті дәрумендерін береміз, арам шөптен тазалаймыз және уақытылы суарылуын қадағалаймыз, – дейді Г.Ержанова.

4-БЕТТЕ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Кенес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир өтті. Ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Тәйімбет Көмекбаевтың ұлы, II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, генерал-майор Бағбан Тәйімбетов, ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Дәурен Жабасов бастаған құрметті қонақтар қатысты.



БАТЫР АТЫНДАҒЫ ТУРНИР бозкілемде бес салмақта сайысты

Алты Алашқа сауын айтылып, төрткүл дүниеден балуандар қатысаатын халықаралық турнирге бұл жолы оннан астам мемлекеттің қапак жауырын, апайтестері келді. Оған қоса, Алтай мен Атыраудың арасындағы атыраптың алыптары да бар. Алаштың анасына айналған өңірге табан тіреп, жеңістен үміті бар қатысушыларға аймақ басшысы сәттілік тіледі.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі» деген болатын. Сыр өңірінде соңғы үш жылда 18 спорт кешені салынып, іске

қосылды. Өткен жылы «Самұрық қазына траст» қорымен бірге құны 3 млрд 400 млн теңге болатын «Үстел теннисі орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай 11 мың орындық орталық стадион салынууда. «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталды. Келесі жылы ел игілігіне табысталады. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қаланды. Жаңа нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Алдағы мамыр айында бірқатар спорттық арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі» деген болатын. Сыр өңірінде соңғы үш жылда 18 спорт кешені салынып, іске

4-БЕТТЕ

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ

«Қазыналы қария – ағып жатқан дария» дегендей, әр дәуірдің өз дарасы болады. Осындай дара тұлғаның бірі, ел ағасы – Көмекбай Қаракөзов. Қоғам қайраткері, соғыс және еңбек ардагері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Көмекбай Қаракөзовтің туғанына биыл – 110 жыл. Осыған «Ұлағаты мол ғұмыр» аталық өтті. Аталық аясында өткізілген ең ауқымды шара – облыстық ғылыми-танымдық конференция болды.



Конференцияны облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Конференция барысында Көмекбай Қаракөзовтің ел дамуына сіңірген еңбегі мен өнегелі өмірі туралы мазмұнды баяндамалар тыңдалды. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықпанұлы, техника ғылымдарының кандидаты Шәкізат Төребаев, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Айгүл Мұсабаева, және облыстық мұражайдың ардагер қызметкері Аманкүл Дүйсенбайқызы ғылыми негізделген деректерімен бөлісті.

Шара соңында «Көмекбай Қаракөзовтің Дінмұхаммед Қонаевпен кездесуі» атты театрландырылған қойылым қойылып, концерттік бағдарлама ұсынылды.

Бұл шара – ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың өмір жолын ұлықтап, кейінгі ұрпаққа өнеге ету жолындағы тағылымы мол бастама.

ОЗАТТАР ОЗҒАН КҮН

Өткен аптада қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен білім саласының ардагері Сәден Нұртаев атындағы Қазақстан тарихы пәні бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі өтті.



Олимпиадаға 9-10 сынып бойынша 60 оқушы қатысты. Шараның мақсаты – Қазақстан тарихы пәніне деген интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту.

«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫНДА» ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Талдықорған қаласында ұйымдастырылған «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушылары республикалық кезеңде I орын иеленіп, чемпион атанды.

Жеңіс тұғырынан көрінген оқушыларды қалалық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бағдат Камбозұлы қабылдап, құттықтады.

Айта кетейік, спортшы оқушылар бұған дейін қалалық, облыстық кезеңдерде үздіктер қатарынан көрініп, республикалық кезеңге жолдама алған еді.



ШАХМАТТАН ЖАРЫС ӨТТІ

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейдің 40 жылдық мерейтойына орай жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен ардагер мұғалімдер арасында шахматтан жарыс өтті.

Ер мұғалімдер бойынша I орынды №1 мектептен Шерхан Әлсеріков, II орынды №136 мектептен Ақыл Абдиғанпаров, III орынды №3 мектептен Давид Тасжүреков иеленді. Ал әйел мұғалімдер бойынша I орынды №290 мектептен Мөлдір Раушанбек, II орынды №189 орта мектептен Айнура Садықова иеленсе, III орын №261 орта мектеп мұғалімі Бағила Есенповаға бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер және номинация иелері медальдармен, диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

МАТЕМАТИКТЕР ОЛИМПИАДАСЫ



Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінде Қазақ білім академиясының академигі, Қазақстанда отандық инженерлік-педагогикалық білімнің негізін қалаушы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Байзақ Момынбаев атындағы 7-8 сынып оқушылары арасында математика пәні бойынша дәстүрлі қалалық олимпиада өтті.

Олимпиадаға қала мектептерінен 7-сынып бойынша 54 оқушы, 8-сынып бойынша 53 оқушы қатысты.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша 7-сынып арасында жүлделі I орынға №136 мектеп-лицейінің оқушысы Нұрқожа Құрманғазыұлы ие болды. Ал II орынды №264 мектеп-лицейінің оқушысы Мерей Рүстем және №7 мектеп-лицейінің оқушысы Дәулет Досмурзаев лайық деп танылды. III

орынды №9 мектеп-гимназиясының оқушысы Руслан Үмбетов және №253 орта мектебінің оқушысы Әнипа Сахи, №1 мектеп-гимназиясының оқушысы Аспан Жұмашев иеленді.

8-сынып бойынша жүлделі I орынды №136 мектеп-лицейінің оқушысы Нұрбек Жайлаубай иеленді. II орынды №285 мектеп-лицейінің оқушысы Айқын Жанайдаров және №144 орта мектебінің оқушысы Нұрдаулет Өмірғали алды. Ал III орынға №187 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы Айасыл Мұхамеджанова және №222 орта мектебінің оқушысы Таңшолпан Қуанышбай, Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы Асқар Нұғыман лайық деп танылды.



СЕЙІТҚАСЫМ ЖҮНІСОВТІҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында Сейітқасым Жүнісов атындағы қалалық пәндік олимпиада биыл да өз жалғасын тапты.



Шараның салтанатты ашылу рәсмінде қалалық білім бөлімінің әдіскері Тимур Жақыпов пен мектеп-гимназия директоры Қуаныш Изатуллаев құттықтау сөз сөйледі.

Былғы додаға 19 мектеп қатысып, білім бөйгесінде оза шапқандар анықталды: I орын – №285 мектеп, II орын – №12 және №3 мектептер, III орын – №136, №4 және №278 мектептер.

Қорытынды сәтте Сейітқасым Жүнісовтің жары Ұлтай Балмағанбетова және ұлы Амандық Жүнісов мұғалімдер мен оқушыларға жүрекжарды тілектерін айтып, жеңімпаздарға марапаттар мен сыйлықтарын табыстады.



Қаланың кіре берісінен Бейбарыс Сұлтан көшесі мен Н.Назарбаев даңғылының қиылысында еңселі де сәулетті ғимарат бой көтеруде. Қаланың кей тұрғындары «Бұл қандай ғимарат?» деп бір-бірінен сұрап жүргенінің талай рет куәсі болдық. Еңселі ғимаратқа арнайы барып, мұндағы құрылыс жұмыстарымен танысып қайттық.

ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ОРДАСЫ БОЛАДЫ

Аймақтың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңірдің өсіп-өркендеуіне жанаша серпін беретін мұндай үлкен ғимараттардың үлесі зор. Бұл – 2024 жылдың маусым айында құрылысы басталған инновациялық шығармашылық орталығы. Заманауи нысан ғылыми-техникалық және спорттық сауықтыру бағытында жұмыс істейді. Бас мердігер – «Bi Global» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «Алатау Сапа Құрылыс» ЖШС.

Қазіргі уақытта құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Облыстық құрылыс басқармасының мәліметіне сүйенсек, нысан басында 250 адам, 10 арнайы техника жұмыс істеуде. Жаңа ғимарат маусым айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Өскеден ұрпақтың тәрбиесі мен дамуына ерекше көңіл бөлу – бүгінгі күннің басты мақсаты. Осы орайда, жас жеткіншектердің талантын шыңдап, кәсіби бағдар алуына мектептен тыс білім беру мен тәрбиенің тігістері үлесі зор. Шығармашылық орталықта оқушылардың білімін жетілдіріп, ғылыми жұмыстармен айналысуына да мүмкіндік жасалады.

Атап айтсақ, орталықта балаларға спорттық сауықтырудан бөлек, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану, гуманитарлық бағытта қызмет көрсетіледі. Бұдан бөлек, футбол, баскетбол, волейбол алаңдары, бассейні, соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамен жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Демек, ғылымға құштар жастар мен спортқа бейім жас буын мұнда қосымша шыңдалады. Шығармашылық орталық – облыс орталығынан бой көтерген көпбейінді әмбебап кешен. Жаңа нысан дарынды жастардың ордасына айналары сөзсіз. Себебі қазіргі уақытта білім беру жүйесі жаңа технологияларға, жаңа мүмкіндіктерге, шығармашылық шектеуі жоқ кеңістікке жол ашып отыр.

Бүгінгі мақсат адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындыру. Ал бұл мақсатты орындауға заманауи тұрғыда салынған жаңа ғимарат шығармашылық орталықтың септігі тиері анық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

ЖУРНАЛИСТ БОЛУ – АРМАНЫМ

Журналист болу – мен үшін жүрек тандауы. Осы шаһар менің алғашқы қадамдарымның куәсі, шабыт көзі болды. Журналистикаға деген қызығушылығым дәл осы қалада оянда. Қызылорда – тарихы терен, тағылымы мол өңір.



Бұл жерде ел тағдырына бейжай қарамайтын, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын нағыз қаламгерлер дүниеге келді. Қазір мен мектеп түлегімін. Болашақта журналистика саласына бет бұрмақпын. Бұл мамандыққа қызығушылық адамдармен жакын болуды, қоғамдағы өзгерістерге үлес қосуды үйретті. Мен үшін бұл мамандық еркіндік пен жауапкершіліктің үйлесімі іспеттес. Болашақта тек журналист болуды ғана емес, өзімнің авторлық жобаларымды да жүзеге асыруды көздеп отырмын. Қазіргі уақытта «MediaTalk Qyzylorda» және «JasMedia Lab» сынды жобаларым бар. Бұл жобаларда Қызылорданың жалынды жастары, олардың жетістігі мен ойы, арманы көрініс табады. Мақсатым – қаламыздың заманауи келбетін, жаңа буынның үнін көпшілікке жеткізу. Бұл жобалар менің өңірлік журналистикаға қосар алғашқы

үлесім болмақ. Менің ойымша, әр жас журналист туған жерінен бастауы керек. Себебі туған өлкенің үні мен үшін арқашан ерекше.

Қызылорданың медиа кеңістігінде жастардың дауысы жиі естілетін уақыт келген сияқты. Болашақта мен осы бағыттағы бастамалардың алдыңғы қатарында болғым келеді. Қызылорданың дамуы мен жастарының әлеуеті жайлы жазу арқылы мен туған өлкеме қызмет етсем деймін. Арманым – елге танымал журналист болу емес, шын жүректен жазу арқылы бір адамның болсын санасына сөзге себу. Біз жаңа дәуірдің дауысы, өзгеріске ұмтылған ұрпақпыз. Біздің

сөзіміз бен ісіміз қоғамның беталысын өзгерте алады. Сол себепті әр сөз, әр ой, әр бастама маңызды. Әрбір жас – болашақтың бейнесі. Біз қандай болсақ, ертеңгі Қазақстанда сондай болады. Сондықтан менің тілегім – жастар өз ойынан қорықпасаң, үнсіз қалмасың. Себебі әр пікір қоғам үшін маңызды. Әр қадам – өз болашағымызға салынған кірпіш. Журналистика мен үшін шындық пен сенім жолы. Осы жолда жүріп, тек маман ғана емес, қоғамға қажет тұлға болуға ұмтыламын. Ал бұл ұмтылыстың бастауы – өзім сүйіп өскен Қызылорда қаласы.

Нұрсұлтан БАЙНАШ,
№7 мектептің 11-сынып оқушысы

Жыл сайын елімізде мыңдаған түлек мектеп бітіріп, үлкен өмірге қадам басады. Бұл кезең – түлектер үшін ең жауапты сәттердің бірі. Себебі дәл осы уақытта олар өз болашағын айқындайтын маңызды шешім – мамандық тандауға бет бұрады. Алайда мамандық таңдарда асығыстық танытуға әсте болмас. Себебі қазіргі таңда ата-ананың ақылмен, кейде достарының ықпалымен де тандауын өзгертіп жататын жастар бар. Олардың бәрі бірдей ертең еншілеген дипломын қадеге жарата ала ма? Мәселен, әлем бойынша мамандығымен қызмет ететіндердің көрсеткіші төмен. Тіпті оған күнде көз жеткізіп жүрміз.

Бүгінгі түлектердің тандауы қандай?

Ал қазіргі түлектердің арасында қандай мамандықтар сұранысқа ие? Соңғы жылдары шет тілдері, медицина, ақпараттық технологиялар және құқық салаларына деген қызығушылық айтарлықтай артты. Оқушылар бұл мамандықтарды тек табыс көзі ретінде ғана емес, өз армандарымен де байланыстырады. Мәселен, қаламыздағы Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектептің түлегі Гаухар Бекмұратқызы шет тілін тандаған. «Ағылшын тілі – әлемдік тіл. Оны меңгеру арқылы мен шетелде білім алып, халықаралық деңгейде жұмыс істеуді армандаймын. Болашақта тіл үйрететін жеке орталық ашқым келеді», – дейді ол.

Ал Қосшынырау ауылдық округі №138 орта мектеп түлегі Бибігүл Төлегенова медицина саласына бет бұрғысы келеді. Оның мақсаты – тіс дәрігері болу. «Медицина – мәңгілік сала. Әсіресе, стоматологияға сұраныс жоғары. Бұл тек табыс көзі емес, адамдарға нақты көмек көрсетуге болатын бағыт. Қазірден бастап дайындықты күшейтіп жатырмын», – дейді талапкер.

Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі жастардың мамандық тандаудағы белсенділігі қуантады. Олар заман талабына сай бағыттарды таңдап қана қоймай, болашақта өз ісінің шебері болуға ниетті. Алайда маңыздысы – әрбір түлек өз жүрек қалауымен шешім қабылдауы. Өйткені таңдаған жолы адамның өмір жолын анықтайды. Мамандық – жай ғана жұмыс емес, ол – адамның өзіне, қоғамға берер үлесі.

Белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай құнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен

өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген екен. Рас, жас жеткіншек тек жүрек қалауымен ғана таңдаған кесіптің шебері бола алады. Яғни мамандық тандау – жай ғана оқып, диплом ала салу емес, өмірлік жолыңды айқындау.

Айжамал МАРАТОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
Журналистика мамандығының 3-курс студенті



Бетті дайындаған Айтолқын АЙТЖАНОВА

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі №1800 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына, «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда облысы әкімдігінің «Өндіріс» индустриялық аймағын кеңейту және инфрақұрылымды дамыту мәселелері туралы» 2025 жылғы 30 қаңтардағы №09-10/4/622-і хаттамалық тапсырмасының негізінде, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 50,0 (елу) гектар жер учаскелерін Қызылорда қаласы, «Өндіріс» индустриялық аймағын кеңейту үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 22 шілде болып белгіленсін.
3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 18 сәуірдегі №1800 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, гектар	Нысаналы мақсаты	Мекенжайы	құқық түрі
1	10-156-032-1330	Болдыкова Жаркын Амангельдиевна	10,0	өзіндік кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	Болашақ бағбандық серіктестігі, Қаратағай өңірі, №33 құрылыс	жеке меншік
2	10-156-032-023	Ерманов Еркін Турарович	15,0	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Қошқар-ата өңірі	уақытша өтеулі жер пайдалану
3	10-156-032-1302	Жетесов Руслан Қырымович, Қырым Сұлтан Қырымұлы, Тажимаева Сайлаукуль Жолдасовна, Жетесов Сағадат Қырымович, Жетесов Қырым	5,0	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылы, Ардақ өңірі, №23 учаске	ортқк үлестік меншік
4	10-156-032-1308	Маубай Жайықбек Жетесұлы	10,0	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Қызылжарма ауылдық округі, Қарақой сойған өңірі	уақытша өтеулі жер пайдалану
5	10-156-032-1310	Маубаев Ургенишбай Жетесович	10,0	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Қызылжарма ауылдық округі, Қарақой сойған өңірі	уақытша өтеулі жер пайдалану
Барлығы			50,0			

Постановление акимата города от 18 апреля 2025 года №1800

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года №374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также на основании протокольного поручения акимата Кызылординской области «О проблемах расширения индустриальной зоны «Онди́рис» и развития инфраструктуры» №09-10/4/622-и от 30 января 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков для государственных нужд в связи с изъятием для расширения индустриальной зоны «Онди́рис» города Кызылорда у собственников или негосударственных землепользователей, расположенные на территории города Кызылорда, общей площадью 50,0 (пятьдесят) гектаров, согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Датой принудительного отчуждения определить 22 июля 2025 года.
3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, №43, кабинет №13.
4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н.АХАТОВ

Приложение к постановлению акимата города Кызылорда
от «18» апреля 2025 года №1800

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника или землепользователя	Площадь, гектар	Целевое назначение	Место-положение	Вид права
1	10-156-032-1330	Болдыкова Жаркын Амангельдиевна	10,0	для ведения крестьянского хозяйства, основанного на осуществлении личного предпринима-тельства	с/дворовческое товарищество Болашақ, урочище Қаратағай, строение №33	частная собственность
2	10-156-032-023	Ерманов Еркін Турарович	15,0	для ведения крестьянского хозяйства	урочище Қошқар-ата	временное возмездное землеполь-зование
3	10-156-032-1302	Жетесов Руслан Қырымович, Қырым Сұлтан Қырымұлы, Тажимаева Сайлаукуль Жолдасовна, Жетесов Сағадат Қырымович, Жетесов Қырым	5,0	для ведения крестьянского хозяйства	сельский округ Кызылжар-минский, село Кызылжарма, урочище Ардақ, учаске №23	общая совместная собственность
4	10-156-032-1310	Маубаев Ургенишбай Жетесович	10,0	для ведения крестьянского хозяйства	аульный округ Кызылжарма, урочище Қарақой сойған	временное возмездное землеполь-зование
5	10-156-032-1308	Маубай Жайықбек Жетесұлы	10,0	для ведения крестьянского хозяйства	аульный округ Кызылжарма, урочище Қарақой сойған	временное возмездное землеполь-зование



Жеңістің салтанат құрғанына биыл 80 жыл. Тарихтың тереңіне зер салсақ, соғыстан кейін бой көтерген мектептер саны көп емес. Тасбөгет кентінің тарихында көрнекті орын алған Сырдария өзенінің су торабын салу кезеңіне сәйкес бой көтерген көне құрылыстың бірі – қазіргі Әбубәкір Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицей.



Ғасырға жуық шәкірт тәрбиелеген білім ошағы 1945-1946 оқу жылында ең алғаш бастауыш мектеп болып ашылды. Сол кезеңде мектепте жұмыс істеген мұғалімдер қан майданнан білім майданына араласқан. Олардың қатарында химия пәні мұғалімі Сүлеймен Раманқұлов, тарих пәні мұғалімі Әбдібек Ағатаев, алғашқы әскери даярлық пәні мұғалімі Әлжан Жалғасбаева, бастауыш сынып мұғалімі Ақылбек Қыстаубаев бар. Соғыс ардагерлері мектептің кесегін өздері құйып, құрылыс салуға атсалысқан. Мектептің алғашқы ұйымдастырушысы – карт ұстаз, соғыс ардагері, майдангер Тоқсанбай Мантаев еді. Майданда гвардия аға сержант шенінде атқыштар бөлімі басшысы, үгітші, политрук болған. Атақты Сталинград, Курск доғасындағы ірі шайқастарға қатысқан. Ол мектептің алғаш іргетасын қалаған білікті басшы.

ЖЕҢІС САРБАЗДАРЫ ЕҢБЕК ЕТКЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Араға жыл салып бастауыш мектеп жеті жылдық орыс-қазақ мектебі болып қайта құрылды. 1947 жылы директорлық қызметке Хадиша Бөлекбаева тағайындалып, 1952 жылға дейін мектепке басшылық етті. 1952 жылы мектеп директорының қызметін Қати́на Бисенбаева атқарған. 1954-1955 оқу жылы мектептен бірінші түлектер бітірген. Алғашқы аттестатты мектеп директоры Қати́на Бисенбаева тапсырған. 1958-1963 жылдары мектеп директоры қызметін Әмина Магдеева абыроймен атқарды.

Мектеп тарихында атқарған педагогикалық еңбегі ерекше бағаланып директорлық қызмет атқарған Әбілда Ахметов Құрмет белгісі орденімен, бастауыш сынып мұғалімі Тақан Күдебаева Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Ал 1977-1978 оқу жылында мектеп жаңа ғимаратқа көшіп, мектепке директорлыққа Әбілда Ахметов келіп, ұзақ жыл еңбек етті. Мұнан кейінгі жылдары мектеп басшылығына, Пернебек Ахметов, Мәдина Әбдраманова, Мырзабек Бердімұратов, Қати́ма Қыдыралиева, Жанат Даллабаева, Әлімхан Жәмішев, Батырбек Әбиев, Жанат Садуақасова, Ғани Сардарбеков келіп, еселі қызмет етті. Бүгінде аға ұрпақ салып берген сара жолды мектеп-лицей директоры Гүлмира Сүлейменова жалғастырып келеді.



Мерейтой мезіреті

Биыл Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейі 80 жылдық мерейтойын атап өту үшін ауқымды жоспар жасап, жыл бойына іс-шара ұйымдастырып келеді.

Мектеп-лицей директоры Гүлмира Камалқызының айтуынша, 80 жылдық мерейтой мектеп логотипі байқауынан басталды. Оқушылар мен мұғалімдер арасында өткізілген «Ең үздік логотип» байқауында бастауыш сынып мұғалімі Мәри́я Әбубәкірова жеңімпаз атанды.

22 қазан күні Абдулла Ахметов атындағы «Қазақстан тарихы» пәнінен қала оқушылары арасында олимпиада өтті.

Ардагер ұстаз, Сыр елінің құрметті азаматы, 1975-1990 жылдары мектеп директоры қызметін атқарған Абдулла Ахметовтің құрметіне Қазақстан тарихы пәнінен қалалық олимпиада өтіп, А.Ахметов атындағы тарих пәні кабинетінің тұсауы кесері өтті. Кабинеттің ашылуына ардагер ұстаздың отбасы демеушілік жасады.

Қараша айында «Қазақстан ұстазы» медалінің иегері, ұлағатты ұстаз және қоғамдық кеңес мүшесі Назира Жаппарова атындағы география кабинетінің ашылуы өтіп, «Туған жерге саяхат» атты аймақтық байқау өтті. «Білім кілті – бастауышта» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында мектеп лицей әнұранын орындау, «Туған күнімнен, сүйікті мектебім!» атты ең үздік ашық хат сайысы ұйымдастырылды. Ашық хаттарды қатысушылар өз қолымен жасап, мектеп өмірі туралы естелігі мен жүрекжарды тілегін білдірді. Қаңтар айында білім саласының ардагері, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз М.Бегдімұратов атындағы аймақтық математика олимпиадасы өтті.

Ақпан айында Ауған соғысының батыры Жұмабай Әбілқасымовтың құрметіне патриоттық оқу кабинеті ашылды. Мектебіміздің 80 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған бұл шара – жас ұрпаққа ерлік пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісін көрсеткен тағылымды кездесу болды.

Ауған соғысының ардагері Е.Ахметовтың бастамасымен жабдықталған бұл кабинет мектеп оқушылары үшін ерлік пен патриотизмнің айқын символы болмақ.

Білім ұясы Сырдария ауданының тумасы, тұңғыш министр, Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың есімінен аталады. Сыр бойының ғана емес, тұтас елдің туын көтерген тұлғаның құрметіне мектептен арнайы мұражай ашылды. Мұражайға Қазақ КСР-нің мемлекет және экономика қайраткері Ә.Тыныбаевтың ұрпақтары арда азаматтың отбасымен және қызмет еткен кездегі естелік суреттерін, дипломн, еңбек кітапшасын, әскери және партиялық билетін, қоғамдық-саяси қызметтегі жиыңға шақыру қағазын, тұтыған заттарын, төсбелгілері мен ордендерін және куәліктерін тапсырған еді. Мұражай төрінен Әбубәкір Әлиұлы туралы жазылған бірнеше томнан тұратын естелік кітаптар орын алды. Бұл мұражай мектеп-лицейдің 80 жылдық мерейтой құрметіне ашылды.

Білім ордасының 80 жылдық торкалы тойына орай әлі бірнеше салтанатты шара өткізілмек. Айтулы күнге мектеп ұжымы, ұстаздар, шәкірттеріміз жоғары жетістікпен, терең біліммен, жаңашылдықпен жетіп отыр, – дейді мектеп басшысы.

Сапалы білім беру – басты міндет

Соңғы үш жылда Ә.Тыныбаев атындағы мектеп-лицейінің мате-риалдық-техникалық базасы жаңартылған. Физика, химия, биология, технология кабинеті жаңа үлгіде жабдықталған. Мектеп-лицей аумағы қоршалып, талапқа сай футбол, баскетбол алаңы тұрғызылған. Бүгінде білім ұясында 2170 оқушыға 238 мұғалім тәлім-тәрбие беруде. 2022-2023 оқу жылында түлектердің 85% мемлекеттік грант иегері атанды. Олимпиадалық резерв мектебінің жұмыс нәтижесі бойынша мектеп-лицей бүгінде қала мектептері арасында алғашқы ондықта. Жалпы білім беретін негізгі пәндер бойынша олимпиаданың қалалық, облыстық кезеңінде жеңімпаздар саны жыл сайын артып келеді. 2022-2023 оқу

жылында Қазақстан тарихы пәні бойынша 10-сынып оқушысы Әлі Құлмұрат олимпиаданың республикалық кезеңінде II орын иеленіп, Тасбөгет кенті мектептері ішінен «үздік оқушы» атанып, аймақ абыройын көтерді.

Оқушылардың жобалық-зерттеу жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылында Жаңаберген Нұрайлы «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінде биология бағыты бойынша III орын иеленді. Пән мұғалімі – Нұрғұл Сералиева. 2023-2024 оқу жылында «Зерде» зерттеу жобалары конкурсында 2-сынып оқушысы Теона Азаматова облыс бойынша I орын иеленсе, республикалық кезеңде III орынды иеленді. 5-сынып оқушысы Дидар Қазбек қазақ тілі мен әдебиет пәнінің облыстық кезеңінде II орын алды.

Айта кетсек, мектеп-лицейде пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде I орын иеленген оқушыларға демеушілер тарапынан бағалы смартфон, пән мұғалімдеріне бастауыш кәсіподақ ұйымы есебінен шипажайға жолдама беру дәстүрге айналған. 2022-2023 оқу жылында дәстүрлі «Жұлдызды шеру» салтанатты жиынында пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар конкурсының 67 жеңімпазы және пән мұғалімдері, ата-аналар марапатталса, биылғы оқу жылында 92 оқушыға арнайы сыйлық беріліп, 2 мұғалім шипажайға жолдама алған.

– 2024-2025 оқу жылында республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде I орын – I, II орын – II, III орын – 26 болды. Республикалық «Зерде» зерттеу жобалары конкурсында орын саны – 9, облыстық кезеңнен 2, республикалық кезеңнен – 1 жүлделі орынды еншіледік. «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде 5 оқушы жүлдегер атанды. Олимпиада шәкірті I орын иегері атанған 3 мұғалімге бастауыш кәсіподақ ұйымы тарапынан «Сарыағаш» шипажайына жолдама табысталды.

Мектеп қабырғасында бала білім алып қана қоймай, қабілетін секция мен үйірмеде дамытады. Білім ошағында 45 домбыра бар. Оқушылар үйірме сабағында ұлттық аспапты, спорт секциясында шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисін ойнайды. Мектеп жанындағы 26 спорттық секция мен үйірмеге 1674 оқушы қатысады.

Тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтатын білімді шәкірт тәрбиелеу жолында бірлесе еңбек етуде. Оқушының қабілетін, талантын ашып нәтижеге жету, белгілі мамандыққа баулу – Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицей мұғалімдерінің басты ұстанымы, – дейді директоры Гүлмира Сүлейменова.

Білім – ел қазынасы. Білімнің негізі, ғылымның басты нәрі мектепте беріледі. Қазіргі жаһандану кезеңінде әлемдік өркениет деңгейінде рухы мықты, білімді ұрпақ даярлауға №11 мектеп-лицей ұжымы үлес қосып келеді.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОҢ СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗ

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі – бет-пішінін, сакал-мұртын, мүшесін, жүріс-тұрысын, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардың ішін күйдіріп, өзінен кейінгіге «әттен дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтуғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық.

Мұны адам бір ойламысын, егер де бір ойласа, қайта адам болмағы қиын іс.

Кербез дегенді осындай кер, керден неменен безіндер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ.

Онан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.



Спорт – мемлекетіміздің мерейін үстем ететін, тұрғындарды салауаттылыққа жетелейтін маңызды сала. Бүгінгі халықаралық жарыс өздеріңізге қарап бой түзетін жастарымызды елжандылыққа тәрбиелеп, спорттағы бәсекелестікті қалыптастыруға, татулықты нығайтуға септігін тигізетін дода болады деп сенеміз. Жарысқа қатысушыларға сәттілік, шын мықтыларға жеңіс тілеймін, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Ашылу салтанатында жарыстың қадірлі қонағы, қырғыздың атакты балуаны, Әлемнің екі дүркін, Азияның үш дүркін чемпионы, Олимпиаданың күміс және қола медальдарының иегері Ақжол Махмудовқа дәстүрге сай иығына шапан жабылды.

Екі күнге созылған алыптар айкасында жауырыны жерге тимеген қара күш иелері сайысты. Олар бес салмақ дәрежесінде сынға түсіп, Сырдағы сайыстың мәртебесін арттырды. Алпыс келіде сайысқан балуандардың арасында жерлесіміз Айдос Сұлтанғалиға тең келер ешкім болмады. Ол өз дәрежесінде I орынды қанжығасына байласа, II орынды жетісулық Ғалым Қабдунасаров еншіледі. Үздік үштікті түйіндеген тәжікстандық Асламджон Эзизов пен шығысқазақстандық Айбек Сабырбеков өзара бөлісті.

Сайыс төрінде 67 келіде бақ сынасқандар қатарынан жеңімпаздар көшін жамбылдық балуан Ержет Жарылқасын бастады. Ал жетісулық Төлеген Әмірхановтың еншісіне II

Басы 1-бетте

БАТЫР АТЫНДАҒЫ ТУРНИР
БОЗКІЛЕМДЕ БЕС САЛМАҚТА САЙЫСТЫ

Бозкілемдегі белдесуде 87 келіде беларусь Радик Кулиевтің бағы жанды. Бұл салмақта костанайлық Тимур Оспанов II орынға, қырғызстандық Артықбек Алымбекулу мен ақтаулық Айдын Әбілда III орынға табан тіреді. Нағыз алыптар сайысы – 130 келіде сынға түскендердің де шеберліктері бірінен бірі өтіп жатты. Бұл сайыста жеңіс Түркияға жолданды. Түрік ағайындарымыздан Bolkurt Fatih I орынды жеңіп алды. Қырғызстандық Самаған Орманов II орынға ие болды.

III орынға Шымкент қаласынан келген Әлімхан Сыздықов пен жерлесіміз, қызылордалық Олжас Сырлыбай иелік етті.

Айта кетейік, Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекебаевтың есімін ұрпақ жадында қалдыру мақсатында жыл сайын түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Бұған дейін батыр ұрпақтары ұйымдастырып келген турнир биылдан бастап облыс әкімдігінің қолдауымен халықаралық деңгейде өтті.

Нұр ТҰРСЫНХАН

ДҮБІРЛЕТІП ТҰЛПАРЛАРДЫҢ ТҰЯҒЫН...

Ақмешіттің аспанын дүркіретіп, қазақтың қазақтығы мен азаттығын, асқақ үнін шығарып, ақ шаңды көкке көтерген бөйге өтті. Тұлпарлар дүбірнен құлақ тұнып, ауыздығымен алысқан асаулардың алысқа шапқан күні еді бұл. Алтай мен Атырау арасындағы шабандоздар шаңына ілестірмей, жолға түсті. Сырдағы сырбаз елдің көз алдында бөйгеден өткен ел чемпионатының екінші кезеңінің тағы тасталды, дүбірлі дода басталды.

Атшабар алаңның төріне облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, ҚР Туризм және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай және «Бөйге» федерациясының вице-президенті Мұрат Әсербаев қатысып, ат құлағында ойынаған шабандоздарға сәттілік тіледі.



– Бөйге – халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық спорты. Дәстүрлі түрде жалғасын тапқан ұлттық спорт жарыстары ұлттың руханиятын нығайтып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді. Бүгінгі тақымын қысып отырған жүздің ішінен жүйріктер өздерін дәлелдеп, топ жарып елдің мақтанышына айналады. Сәттілік тілеймін, – деді Шахмардан Байманов.

Бөйгенің ашылу салтанатында ақсақалдар ақ батасын беріп, байрақты бәсекені ашып берді. Біздің өңірде үшінші рет өткізіліп отырған сайыпқырандар сайысында еліміздің барлық өңірлерінен жүзге жуық тұлпар қатысты. Олар құнан бөйге, топ бөйге, аламан бөйге және ұшқыр бөйге санаттары бойынша бақ сынасты.

Алуан-алуан жүйріктің әліне қарай шапқан сәті алдымен құнан бөйгеде сыналды. Сегіз шақырымды бағындырар сайыста I орынды жамбылдық Әміртай Аян қанжығасына байласа, II орынды алматылық Мерей Гарипуллин еншіледі. Үздік үштікті түйіндеген Әділжан Асқарұлы да, IV орынға табан тіреген Аңсар Арыстанбек те – Алатау баурайындағы ару Алматыдан ат терлетіп келгендер. Құнан бөйгелегі бестікті шымкенттік Амангелді Нұрислам қорытындылады.

Ал кезекті топ бөйге 14 шақырым ұзақтығы қамтыды. «Тұлпарда да тұлпар бар, қазанаты бір бөлек. Жігітте де жігіт

бар, азаматы бір бөлек» деген қазақ сөзі осы тұяғымен жер тарпып тұрған Қамбар ата төліне қарап тұрып, ойға оралады. Шіркіннің, құйрық-жалы таралып, желмен жарысқандағы болмысы Абайдың шоқпардай кекілі бар қамыс құлағын да еске түсіреді. Топ бөйгеде топ жарғандар да осал болмады. Мұнда алматылықтар көш басына шықты. Алматылық Сержан Бактыбай I орынның биігін бағындырды, ал алматылық Райн Тілеубай мен Мерей Гарипуллин II және III орындарға ие болды. Алдыңғы бөйгеде II орынды олжалаған Мерей Гарипуллин бұл жолы үштікке тоқтады. Топ бөйгеде төртінші келген Назар Жолаушы – Жамбыл облысының шабандозы. Одан кейінгі орынға алматылық Санжар Иринат орналасты.

Көрерменнің делебесін қоздырып, шын жүйрікті анықтайтын аламанның алдында



ұшқыр бөйге шабандоздарды сынады. Мұнда I және II орын алматылық Сабыржан Байқұрман мен Әділет Рысбековке бұйырды. Ал III орынды жамбылдық Иринат Санжар қанағат тұтты.

Аламанда ат оздырғандар сайыстың ең ұзақ кезеңінде өздерін дәлелдеді. Бұл кезеңге қатысушыларды 18 шақырым ұзақтық күтіп тұрған еді. Атбегінің маңдай терінің жемісін көрсетер сәт те осы еді... Алысырақ тұрған жанкүйерлердің өзі орнынан бір тұрып, бір отырып, тағатсыздана тосқан. Мұрын астынан ышқындар тұлпарлар әп-сәтте көз ұшына барды. Әп-бәрекедлі дескен жұртшылықтың делебесі қозып, қиқуға басты. Бұл жолы жамбылдықтар ешкімді де шаңына ілестірмеді. Бөйгенің бес орны да онтүстіктің жасыл-желекті өлкесіне бұйырды. I орынды Ілесбек Дамир, II орынды Амир Аманұлы, III орынды Шыныбек Мырзахмет алса, кейінгі екі орынға Орынбасар Нұрым мен Манасбек Нұрхат жайғасты.

Жеңімпаздар марапат тұғырына шығып тұр. Қазақтың қаймағы бұзылмаған Сырдың елі бұл жолы қонақжайлылық байқатты. Есіктен кірген қонақтың орны төрде екенін байқаған көреген елдің көнермеген дәстүрі де осы еді...

Аян СПАНДИЯР

ӨСЕМ ГҮЛМЕН
КӨМКЕРГЕН
ТҰҒАН ЖЕРДІ

Мекеме қызметкерлері көктемнен бастап күзге дейін көгалдандыруға қараса, күзден бастап көктемге дейінгі аралықта «Қызылорда тазалығы» мекемесімен бірге арықтарды, су жүйелерін тазалайды. Айналаны ақ мамыққа орайтын қаһарлы қыста да дамыл таппайды. Қаланы қардан тазартайды.

– Өріне, оңай жерде нан жоқ. Маңдай терің сіңген еңбектің берекесі бар. Менің жұмысым, сенің жұмысың деп бөліне берсек, тірлік болмайды. Сондықтан біз санаспаймыз. Қазір еңбек алаңында тер төгіп жүрген әрбір жанның ойындағысы да осы. Қызылорданы гүл қала ету – арманым. Оған жетуге де сәл қалды, – дейді айнала гүлдерге қарап, көңілі көтерілген Гауһар Балтабайқызы.

Гүл және газон егілген аумақтарға су апару жұмыстарын қыс бойы лотоктар мен арық жүйесін тазалап, қалыпқа келтіргеннен су тасымалдап суаратын тұстар да аз емес. Бұл бағытта да жұмыс жауапкершілікпен атқарылуға. Мекеме директорының су жеткізу жөніндегі орынбасары Ерлан Оңласыновтың айтуынша, қазір тоқсан адам көшеде гүл егу, суару жұмыстарына аямалданып отырған.

– Қазір қала бойынша ескерткіштер мен аумалдар, саябақтардағы жұмыс бізге тапсырылған. Келер апта гүл егуді аяқтасақ, одан кейін газон егу жыл бойы жалғаса береді. Маңызды нысандардың бізге тапсырылғаны – бізге деген сенім. Сондықтан тиянақты орындау жолында барымызды саламыз. Түптеп келгенде әрбіріміз кіндік қаны тамған туған жерге маңдайымыздың терін төгуді мақсат етеміз ғой, – дейді Ерлан Қобланұлы.

Осы күні қала бойынша он шақты су таситын көлік ерсілі-қарсылы шапқылап жүр. Солардың бірін Бақытжан Мәденбаев тізгіндеген. Көлік атаулының қай-қайсысын берсеңіз де, өзіне үйретіп, «бас білдіріп» алатын ол су таситын камаздың руліне отырған.

– Күніге осынша рейс су тасимыз деп айта алмаймын. Бірақ оның барлығы суаратын жердің көлеміне байланысты ғой. Таңның атысынан күннің батысына дейін еңбектенеміз. Өріне, біздің жұмыс уақытпен санаспайды. Мәселен, аптап ыстықта өсімдікті суаруға болмайды, сондай кезде кешкілік рулге отырғаннан түн жарымға дейін жүресің. Бір қуанарлығы, өзінің кішкентай ауласын көгерте алмай жүргендер бар. Ал біз тұтас қаланы көгертуде еңбек етудеміз, – дейді ол.

Осылайша «Жасыл Қызылорда» қаланы көгалдандырып, жасыл-желекке айналдыру жолында еңбектеніп жүр. Қаладағы жайқалған желек олардың маңдай тері тамған еңбегінің жемісі.

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИАжауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атпасына 2 рет, сөйсебі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабардасуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №647

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕЧІШІЛК